

**Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін!»

**Апта тақырыбы:** «Отан қорғаушылар күні». (ҚР әскері. Ұлы Отан соғысының ардагерлері)

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі:** Математика негіздері.

**Тақырыбы:** «Шаршы, шеңбер, үшбұрыш».

**Мақсаты. Білімділігі:** Балаларға геометриялық пішіндер туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға қоршаған ортадан басқа геометриялық пішіндерге сәйкес келетін заттарды табуға, көлеміне қарай (үлкен-кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету.

**Дамытушылығы:** Балалардың сезім қозғалыс түйсігін және көру жады арқылы заттарды зерттеудің тәсілдерін дамыту. Балалардың есте сақтау қабілеттерін, ой-өрісін және танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Тәрбиелігі:** Балаларды байқағыштыққа, қызығушылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, көрсету, жұмбақ жасыру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар, тапсырмалар орындату, санамақ айту.

**Сөздік жұмыс:** шаршы, шеңбер, үшбұрыш, үлкен-кіші, бір-көп.

**Қажетті құралдар:** Тақырыптық суреттер, слайд, пішіндер, дамытушылық тапсырмалар, т.б.

**Билингвальды компонент:** шаршы—квадрат, шеңбер—круг, үшбұрыш—треугольник.

**Оқу қызметінің жүру барысы.**

**Шаттық шеңбері:**

Арайлап таң атты!

Алтын сәуле таратты,

Жарқырайды күніміз!

Жарқырайды даламыз!

Қайырлы күн достарым!

Күліп шықты күн бүгін!

**Тәрбиеші:** –Балалар, бүгін сендердің көңіл–күйлерің қалай?

**Балалар:** –Тамаша!

**Тәрбиеші:** –Ендеше балалар, оқу қызметіне дайынбыз ба?

**Балалар:** –Иә, дайынбыз!

**Тәрбиеші:** –Жарайсындар! –Балалар, бүгін біздің өтетін оқу қызметіміз «Математика негіздері».

–Оқу қызметін ең алдымен ойынмен бастағым келіп отыр.

–Балалар сендер менімен ойын ойнағыларың келе ме?

**Балалар:** –Иә, ойын ойнағымыз келеді.

**Тәрбиеші:** – Тамаша! Ендеше бұл ойын: «Көбелек қуу» деп аталады.

**Бұл ойынның шарты:** Гүлдер арасындағы жасырылған көбелектерді ұстап алып, сол көбелектің сұрағына жауап берулерің керек.

**1-ші көбелектің сұрағы:** –Қазір жылдың қай мезгілі?

–Көктем мезгілінің неше айы бар?

–Айларын ата.

**Б/ж:** –Қазір жылдың көктем мезгілі.

–Көктем мезгілінің үш айы бар. «Наурыз, сәуір, мамыр»

**2-ші көбелектің сұрағы:** –Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

– Көктем мезгілінде не жауады?

–Адамдар қалай киінеді?

**Б/ж:** –Көктем мезгілінде күн жылынады. Ағаштар бүршік жарады, жапырақ шығады. Жеміс ағаштары гүлдейді.Жерге шөптер шығады.Жаңбыр жауады.Адамдар жұқа киімдерін киінеді.

**3–ші көбелектің сұрағы:** – Көктем мезгілінде құстар не істейді?

– Құстарды қалай қарсы аламыз?

**Б/ж:** –Көктем мезгілінде құстар жылы жаққа ұшып келеді.балалар құстарға ұя жасап қарсы алады.

**4–ші көбелектің сұрағы:** –Адамдар көктемде қандай жұмыстар жасайды?

– Көктем мезгілінде адамдар не отырғызады?

**Б/ж:** – Адамдар көктем мезгілінде бау – бақшаны, ауланы қоқыстардан тазартады. Көктемде адамдар тал отырғызады, гүл отырғызады, егін егеді.ағаштарды құрт құмырсқадан қорғау үшін әктейді, түбін қопсытады.

**Тәрбиеші:** –Жарайсындар, балалар! Көктем мезгілі туралы көп біледі екенсіңдер.

- Ендеше балалар, бүгін біз «**Математика негіздері**» оқу қызметінен «Шаршы, шеңбер, үшбұрыш» пішіндерімен танысатын боламыз. Бұл пішіндермен толық танысу үшін «Пішіндер еліне» саяхатқа барамыз.

- Олай болса балалар, сендер «Пішіндер еліне» саяхатқа барғыларың келе ме?

**Балалар:** - Иә, барғымыз келеді.


**Тәрбиеші:** – Ендеше, пішіндер еліне саяхатқа бару үшін бізге көлік керек. Ал көлікке міну үшін бізге билет қажет.Қазір мен сендерге сол билеттерді таратамын, Балалар ,бұл билеттер жәй билеттер емес, пішіндерден құралған билеттер.

Орындықта пішіндер жапсырылған, демек қолдарыңда қандай пішін болса, сол пішінге сәйкес орындыққа отырасындар.

*(Көліктің дыбысын шығару)*

–Мінекей балалар, пішіндер еліне де келіп жеттік.

–Қане ,бәріміз енді тақтаға назар аударйық.(Шаршы, шеңбер, үшбұрыш пішіндерімен таныстыру. Пішіндерге ұқсас заттарды атап көрсету).



(Пішіндер туралы видео көрсету).

Тақтамен жұмыс жасау.

Заттарды көлеміне қарай үлкен-кіші және санына қарай бір-көп салыстыру.


**Жұмбақ жасыру.**

Үш бұрыштан, үш жағым,

Үй шатырын құрамын.

Бұл қандай пішін? Тауып көр...

Жұмбақтың шешуін тапқан бала үшбұрышты көрсетеді.



Бірдей барлық қабырғам,

Ұзын қысқа болмайды


Ойланындар достарым



Кім жауабын табады?

Жұмбақтың шешуін тапқан бала төртбұрышты көрсетеді.

Допқа өзі ұқсайтын,  
Ерекше бір пішін бар,  
Бұл пішінді кім табар?



Жұмбақтың шешуін тапқан бала шеңберді көрсетеді.

**Сергіту жаттығуы.** (видео)

Балалар бірге қимылмен орындайды.

**Белсенділік орталықтарында жұмыс жасау.**

**1. Өнер орталығында:** Пішіндер арқылы үйдің суретін құрастырады.

**2. Үстел–үсті орталығында:** «Бет орамалға лайық жамауды табу».

**3. Құм және су орталығында:** Желкенді қайық жасайды.

**Тәрбиеші:** –Ендеше балалар, көлікке отырып балабақшамызға қайтайық.  
(Көліктің дыбысын шығару)

**Қорытынды:**

**Сұрақ–жауап.**

–Балалар, біз қайда бардық?

– Қандай пішіндерді білеміз?

–Үшбұрышқа қандай заттар ұқсайды?

–Шеңберге қандай заттар ұқсайды?

–Шаршыға қандай заттар ұқсайды?

Бізді қоршаған заттардың барлығы да пішіндерге ұқсайды.

**Билингвальды компонент:** шаршы–квадрат, шеңбер– круг, үшбұрыш- треугольник.

**Мадақтау.**

– Балалар, сендер бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатынасып, берілген тапсырмаларды орындап шықтыңдар, мен сендерге риза болдым!



– Сонымен балалар, «Математика негіздері» оқу қызметіміз аяқталды.

– Рахмет сендерге, аман сау болыңдар